


42005


1135

АhHAMA



Рустем-Дастан





کند زهره بست زانهم
چو بر بایتم آن بر و شب
سایه پی وی بر شرف
مکتب خانه و پادشاه
مکتب در آمد پسر گنگو
بر آمد زین تاب پیر

گرفت با فلان دست پادشاه
برفشده بود که کرد آن
دست از او آید با هم که
دست از او دست

Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің
бағдарламасы бойынша шығарылып отыр.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Ә. Асқаров, А. Алматов (жауапты шығарушы),
Р. Бердібаев, И. Жеменей, Т. Қоңыратбаев, Е. Раушанов

Бұл басылымды безендіруге көне парсы
қолжазбаларындағы миниатюралар пайдаланылды

Ізтілеуұлы Т.

I 44 Рүстем – Дастан (Фердауси «Шайнамасының» желісімен
жазылған қаһармандық жыр). Бірінші кітап: Алматы. – Жазушы,
2004. – 336 бет.

ISBN 9965-701-67-9 (Т.1)
ISBN 9965-701-66-0

Ұлы шайыр Тұрмағамбет Ізтілеуұлы Фердауси қаламынан туған ұланғайыр шығарма желісімен жырлаған осынау шын мәнісінде ғажайып туынды марқұм Мардан Байділдаевтың әзірлеуінде 1961 жылы «Рүстем – Дастан» деген атпен кітап боп шығып еді. Ол қырық мың жолдық қыруар дүниенің бір үзігі ғана екен. Кеңес заманында қаһармандық эпопеяның бірінші бөлігі баспа жүзін көрмей келгені белгілі. Тұлғалы жырды тұтас калпында жариялау сәті енді, яғни арада жетпіс жылдай уақыт өткен соң барып түсіп отыр. Дастан қолжазбасы М. Байділдаевтың жеке мұрағатынан алынды.

Бірінші кітабы осы уақытқа дейін баспа жүзін көрмеген нұсқасын және 1961 жылғы басылымындағы Зал батыр туралы тараудан бастап, Қысырау-намаға дейінгі кезенді қамтиды. Екінші кітабы негізінен бұған дейін жарияланған нұсқасынан түзілген.

I $\frac{4604000000-086}{402(05)-04}$ құлақтандырусыз -- 2004


ББК 82.3 Қаз

ISBN 9965-701-67-9 (Т.1)
ISBN 9965-701-66-0

© «Жазушы» баспасы, 2004

144

شاهنامہ



Тұрмағамбет ІЗТІЛЕУҰЛЫ
(1882–1939)

Тоқтатты Тұрмағамбет келген ойды,
Соңына «Шаһнаманың» қолын қойды.
Балаша бағып-қағып, бабын тауып,
Өсірдім сүйіріктей қып сұлу бойлы...

Дүниеден өмір бітіп, өтсем де өзім,
Аралап жердің жүзін жүрер сөзім.
«Көре алмай кейінгіні кеттім-ау!» – деп,
Арманда болмай-ақ қой, екі көзім.

АДАМЗАТТЫҢ АСЫЛ ҚАЗЫНАСЫ

*Атақты парсы шайыры Фирдаусидің
“Шаһнамасы” — қазақтарға да
ортақ мәдени мұра*

Әбу-л Қасым Мәнсур ибн Хасан Фирдауси (Тұрмағамбет нұсқасында — Фердауси.— И. Ж.) 941 не 942 жылы Хорасан өлкесі, Тус аймағына қарасты Баж (Фаз) ауылында туған. Әкесі Хасан диқан болған. Өз заманының дәулетті де текті отбасыларының қатарында өмір сүрген. Сол дәуірде диқандық шаруамен айналысатын жандар ұлттың дәстүрлі салтына аса мән беретін болғандықтан, Ислам дінінің жаңаша құндылықтарын қабылдай тұра, бұрынғы әдет-ғұрыптарын да онымен үйлестіре отырып, сақтай білген. Сондықтан Фирдауси Иранның ежелгі мәдени-тарихи құндылықтарымен бірге исламның қаусар нәрін өз бойына сіңіре жүріп, ұлттық мақсаттарды қиялында армандай келген. Ер жеткенде саналы түрде ежелгі Иран тарихының дастандарын жаңа заманға өріс болсын деп жырға айналдырған еді.

Ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда, Иранды да билейтін кейбір араб халифалары өздерінің жаһилдық (надандық) дәуірде пұтқа табынған аталарын мақтан еткен. Сол себептен халифа тарапынан тағайындалатын аймақтық иран текті әмірлердің де ұлттық рухын оятып, тәуелсіз Иран мемлекетін құруға талпыныс жасауға түрткі болған. Ирандық әмірлер Парсы халқының ұлттық сезімін оятып, олардың қолдауына ие болуға өздерінің тегін ежелгі Иранның әйгілі патшалары мен палуандарына байланыс-тыруды жөн көрген. Мәселен, Таһир әулеті (820—873 ж. әмірлік еткен) өз тегін Рүстемнен деп білсе, Саффар әулеті (887—1003 ж.) Хұсрау патшадан, Саман әулеті (887—1003 ж.) Бәһрам Чубиннен, Дейләм әулеті (928—1042 ж.) Бәһрам Гүрнен бастайды.

Осындай үрдіс өріс алған аймақтарда ұлттық сананың жетіліп дамуына сара жол ашылды. Араб халифалары да Иран патшаларының тыныс-тіршілігі және ежелгі Иранның өмір салтымен танысуға құлшыныс танытқан. Сол себептен, әсіресе, Сасан әулетінің патшалық дәуірінде (226—652 ж.ж.) жазылған діни, әдеби, ғылыми кітаптар араб тіліне аударылды. Даңқты ғалым ибн Мұқәффаһ (721—759 ж.) ежелгі иранның бірсыпыра еңбектерін, оның ішінде “Хұдайнама” кітабын пәһлевилік парсы тілінен араб тіліне аударды. Сондай-ақ Әбу Жәфәр Тәбәри да араб тіліне көп аударма жасады.

Бұл аудармалардың барлығы дерлік кейінірек ирандықтардың ұлттық санасының ояну кезеңінде, қайтадан жаңаша қалыптасқан парсы (дәри) тіліне аударылды. Көптеген ұлтжанды ғалымдар аударма саласына атсалысты. Мәселен, Әбу Әлі Бәләми 983—986 жылдар аралығында Тәбәри тарихын (Әбу Жәфәр Жәрир Тәбәридің араб тілінде жазылған еңбегі — 839—924 ж.ж) парсы тіліне аударды. Осы еңбекті аударма барысында кейбір тарауларын толықтыра отырып, түсініктеме бергені үшін оны ғалымдар “Бәләми тарихы” деп те атап кетті.

Сонымен, тоғызыншы ғасырдың бастапқы кезінде иран текті әмірлер аймақтық билікке қол жеткізе бастаған шақта,

е мотекареп” уәзінімен жырлай білді. “Бұл бәһр-Фәулән уәзінінің негізінде (—^—^^) созыңқы, қысаңқы, созыңқы, қысаңқы, қысаңқы дыбыстық буындар) жасалады. Қазақ ақыны Тұрмағамбет “Рүстем — Дастанын” қазақтың он бір буын өлшемімен жырлаған.

Алпыс мың бәйітте жырланған “Шаһнама” біздің заманға 49327 бәйіт көлемінде жеткен.

“Шаһнаманың” ең ескі қолжазба нұсқасы 1276 жылдары, яғни Фирдауси қайтыс болғаннан кейін екі жүз елу жыл өткен соң көшіріліп жазылған. Бұл нұсқа “British Museum” қолжазба қорында сақтаулы түр. Екінші қолжазба нұсқасы 1333 жылы жазылған. Бұл нұсқаны бірінші нұсқасымен салыстырғанда өзгешіліктер байқалады. Бұл нұсқа Санкт-Петербургтың орталық кітапханасының қолжазба қорында сақталды. Үшінші қолжазба қай уақытта жазылғаны көрсетілмеген. Бірақ ғалымдар болжамы бойынша 1445 жылдары жазылғандығы айтылып жүр.

Қолда бар парсы тіліндегі қолжазба нұсқаларына қарағанда, Әбу-л Фатх Бондаридың араб тіліне аударған нұсқасы (1223—1227 ж.ж.) тұңғыш рет тәржімаланған әрі ең ескі нұсқа ретінде ерекше мәнді. Ортағасырларда араб, грузин, гәжрат, өзбек, үнді тілдеріне аударылса, толық мәтіні немесе кейбір тараулары он тоғызыншы ғасырдан бастап Еуропа тілдеріне де аударылды.

“Шаһнаманы” тарауларға бөліп, тақырыбын анықтау екінші қолжазба нұсқасында жазыла бастаған. Заман барысындағы кейбір өзгерістерден сұрыпталып, баспаға берілген ең сенімді нұсқасы Мәскеу басылымы болып табылады.

Оқырман қауым “Шаһнаманың” толық мазмұнымен танысуы үшін тақырыптық кестесін келтірмекпіз:

1 — кітапқа кіріспе, 2 — санаға мадақ, 3 — өлемнің жаратылуы жайында әңгіме, 4 — халықтың жаратылысы хақында әңгіме, 5 — күннің жаратылысы жөнінде әңгіме, 6 — айдың жаратылысы турасында әңгіме, 7 — пайғамбарды мадақтау жайында әңгіме, 8 — кітап жинақтау хақында әңгіме, 9 — Дақиқи ақынның дастаны, 10 — кітаптың негізін қалау (Әбу Мәнсүр дастанында), 11 — Сұлтан Махмұдқа мадақ, 12 — Киомәрс, 13 — Һушәнг, 14 — Тәһмүрес, 15 — Жәмшид, 16 — Заһак, 17 — Ферейдун, 18 — Мәнәучәһр, 19 — Нүзор патшалығы, 20 — Зу Таһмасп патшалығы, 21 — Гәршасп патшалығы, 22 — Кейкобад, 23 — Кейқауыс патшалығы [оның Мазандыранға жорық жасауы], 24 — Қауыстың һамавәран шаһымен шайқасы, 25 — Соһраб, 26 — Сияуыш дастаны, 27 — Кейхүсрау, 28 — Фруд Сияуышұлы хақында әңгіме, 29 — Камус Кәшани дастаны, 30 — Шын хақаны дастаны, 31 — Акван дию дастаны, 32 — Бижән-Мәниже дастаны, 33 — Дәваздәһ Роһ дастаны, 34 — Кейхүсрау мен Апрасияптың кескілескен шайқасы (Сұлтан Махмұдқа мадақ өлендер), 35 — Лоһрасп патшалығы, 36 — Гәштасп патшалығы (жүз жиырма жыл патшалық етеді), 37 — Дақиқидың әңгімесі, 39 — Исфәндиярдың жеті асу дастаны, 40 — Рүстем мен Исфәндияр дастаны, 41 — Рүстем мен Шәғад дастаны (Сұлтан Махмұдқа арналған кіріспе бәйіттері), 42 — Бәһмән Исфәндияр патшалығы (жүз он екі жыл), 43 — Номай Чәһрзад патшалығы (отыз екі жыл), 44 — Дарай Дараб патшалығы

баласының рухани және дүниеуи қазынасы байи түскен. Темірді балқыту, қару-жарақ жасау, тоқыма істері күшті дамып, түрлі кәсіптер пайда болған. Өз жетістіктеріне мастанған патша өзін Құдаймен теңестірген. Қашанда нәпсіге құл болған адам Әһримән алдауының қақпасына түсіп, адасып кете береді. Жәмшид патшаның адасуының кесірінен Заһак (Зүһак) ібіліс өкілі болып мың жыл бойы адам баласына үстемдік құрды. Ібілістің азғыруымен оның екі иығындағы жыландар адам нәсілін құртуға, адамдар миымен қоректеніп тұрды. Бұл кезеңде зиялылардың жарқын мінезі күнгірт тартады, есуастар баққа бөленеді, көзбояушылық өріс алады, өнер тапталады, ақиқат бетін тұман басады, адамды кемсіту етек жаяды, өтірік төрлейді. Бірақ ақсүйектердің ымырасыз күресі оң нәтижесін береді. Феридун (Придун) сынды ұлдың дүниеге келуіне негіз болады. Феридун Абтинұлы әкесі Заһактың зұлымдығынан мерт болған. Сондықтан Феридун кек алу мақсатында Заһактың мың жылдық салтанатын күйретеді. Заһакты Дәмавәнд тауына қамайды.

Заһакқа қарсы бірінші болып темірші Кавеш шайқасқа шықса да, жеңіске жете алмаған. Өйткені Әһримән күшімен алысу үшін Құдай тарапынан Феридун сияқты текті тұлға басқару қажет болатын. Бұл жеңісті ирандықтар “тәңірлік феномен” немесе “әділет пен жақсылықтың жеңісі” деп атаған.

Феридунда Сәләм, Түр, Ирәж атты үш ұл болған:

Тои меһтәрин, сәләм нам-е то бад,
Бе Гити пәракәнде кам то бад,—

Үлкенім сенсің, Сәләм, атың таралғай,
Бағың сенің күллі әлемге жайылғай.

* * *

Мияне кәз ағаз тонди немуд
Өз ан пәс мәр у ра дәлири фозуд
Вра түр ханим шир-у дәлир
Кожа женде пиләш нәярәд бе зир...—

Асқан батыр ортаншым тентек болған әу бастан,
Батырлықпен оның да күннен-күнге даңқы асқан.
Арыстандай айбарлы Түр деп оны атаймыз,
Күштілігін өзінің пілді жеңіп байқатқан.

* * *

Дегәр кәһтәрин мәрд ба сәнг-у чанг
Ке һәм ба шетабестуһәм ба дәрәг
Зе хак вәз атәш мияне гозид
Чонанәк әз рәһ һошыран сәзид
Дәлиру жәвану һошивар буд
Бе гити жоз ура Бәбайәд сотуд
Конун ирәж әндәр хорәд нем-е то
Дәр меһтәри Бад фәржам-е то

Шапшаң бола түрса да, байсалды болған,
Жаратылған секілді тас шеңгелден.
От пен судың ортасында қалса да,
Қиындықты кенжеміз ақылмен жеңген.

атасы Тұрдың кегін қайтарған. Артынша Иранды он екі жыл не жиырма сегіз жыл билеген. Оның өлімінен кейін Иран ақсақалдары оның Тус және Гостәм деген ұлдарын патшалыққа лайық санамайды.

Зу Тәһмәспұлы — ата жолына берік болған. Әділеттің ақ жолынан таймаған. Бес жыл патшалық дәуірінде елді откен жылдардың жұтынан және ұзаққа созылған Иран-Тұран соғысының алапатынан әділетті бейбіт өмірге жеткізген.

Гәршасб не Кересасп — “Шаһнамада” екі Гәршасбтан сөз болады: бірі — Мәноучеһр қосынының әйгілі палуаны, екіншісі — Гәнжвәр шаһ Забұлы, әкесі қайтыс болғаннан кейін тоғыз жыл Иранның патшасы болған. Оның билік еткен кезеңінде Иран әлсірей түскен, сондықтан тұрандар Иранға шабуылын жиілеткен. Сондай кезекті бір жорықта Гәршасб шаһ Заб ұлы қайтыс болған. Осылайша Пишдад патшалығы соңғы шауынан айрылады. Осы кезден бастап Иран құлдырайды. Осы арада Сам — Зал және Рүстемнің батырлық істері көрініс таба бастайды. Иран зерттеушісі Мәһди Қариб Гәршасб патшалығы тарауын кірме тарау ретінде дәлелдейді. Иран — Тұран елдерінің бейбіт келісімі бұзылады. Зал Апрасияпқа қарсы соғысқа майданға аттанады. Ұлы Рүстемге: “Әлбурз” тауына барып, “кияни=арий текті ақсүйектер” әулетінің ұрпағынан тараған Кейқуатты патшалық таққа отырғызуға тауып алып кел”, — деп тапсырма береді.

Кейқуат (Кейқобад), Феридун ұрпақтары өмірде бола тұра, “фәрр-е изәди — төңірлік сәулесі” болмағандықтан, Зал және Мүбәд (діни басшылар) қариялардың кеңесі бойынша, Рүстем Кейқуатты Әлбурз тауынан Иран астанасы Истәхр қаласына алып келеді де, патшалық таққа отырғызады. Осы тұста Апрасияп билік ететін патшалық Тұран жеріне шегінеді. Кейқуат жүз жыл патшалық етеді. Оның төрт ұлы болған: Кейқауыс, Кейареш, Кеппешин, Кейармин. Өлер алдында Кейқауысты орнына тағайындайды. Кейқауыс патшалығы кезінде Иран — Тұран арасында өте ірі шайқас болған. Оны Фирдауси “Шаһнамада” былай жырлаған:

Зе Гәрд-е Сәваран дәр ан пәһн дәшт,
Зәмин шод шеш-у асман Гәшт һәшт.

Жер алты, аспан сегіз айналады қабатқа,
Аттылардың шаңынан кең далада.

Кейқауыс жүз елу жылдық билік құрған кезеңінде Иран — Тұранның екі арасы шытырман оқиғалар мен қақтығыстарға толы болған.

Бұл патша парасат пен жеңіл түйсіктің арасалмағында жан азабын шеккен. Сүйікті жары Судабе оның көрікті ұлы Сияуышқа құмар болған. Судабенің сиқырына көнбеген Сияуыш оның қаһарына ұшырайды да, жалған жаланың кесірінен әкесіне жаманатты болады. От кешіп ақталса да, жүрегінің түбінде кек қалады. Содан өз сұрауы бойынша қосынды басқарып, Тұран соғысына майданға аттанады. Соғыс алдында екі жақ бейбіт келісімге қол жеткізеді. Бірақ Кейқауыс келісім шартқа қарамастан, Тұранның кепілдегі азаматтарын тұтқындауды Сияуышқа бұйырады. Сияуыш

Фрудтың анасы Жорирее қамалды өртеп, өзін өлтіреді. Бұл қайғылы оқиғаны естіген Кейхұсрау Тусты қолбасшылық мансабынан алып тастаса да, өмірдің опасыздығына төзе алмай, тәж бен тақты тастап, ғайып болады. Ол тақуа, әділ, діндар патша болған. Сондықтан ирандықтар оны пайғамбар санаған.

Апрасияп Тұран патшасы Кейхұсрау қолынан қаза табады. Осы жерден “Шаһнамадағы” оқиғалардың жалғасын зерттеуші ғалымдардың хұзырына қалдырайық та, Апрасияпты тарихи-әдеби жазбалардан іздестірейік:

“Әвеста” кітабында (біздің заманымызға дейінгі VI—V ғасырлар) Юсти сынды ғалымдардың пайымдауынша, Апрасияп “Үрей тудыратын адам” ұғымында келтірілген. Ал “Әвестаның” мәтіндерінде Апрасияп (2 рет), тұрандық Апрасияп (1 рет), жауыз Апрасияп (1 рет), тұрандық жауыз Апрасияп (4 рет), аса қайратты Апрасияп (5 рет) ретінде суреттеледі. (Әвеста, Бастанани паризи, Тегрен).

Рамитон — үлкен қамалы бар берік қалашық. Бұқара қаласынан ескілеу. Кейбір кітаптарда сол қалашықты Бұқара деп атаған. Қадым заманнан патшалардың мекені болған. Бұқара қала болғаннан кейін патшалар қыс мезгілін сол қалашықта өткізетін. Ислам заманында да солай болған. Әбу Мүслім (Алланың рақымына бөленгей) Бұқараға келгенде сонда орналасқан. Ол қалашықты Апрасияп салды. Осы уалаятқа келгенде, тек қана сонда тұрақтайтын еді.

Парсы кітаптарында оның (Апрасияптың) ғұмыры екі мың жыл әрі сиқыршы адам болған дейді. Нух балаларының ұрпағы. Сияуыш атты күйеу баласын өлтірген. Сияуыштың Кейхұсрау есімді ұлы болған. Ол әкесінің кегін қайтаруға ауыр қолмен сол өлкеге аттанып, Апрасияптың Рамитон қалашығын қоршауға алады. Кейхұсрау қамалдың айналасында екі жыл өз қосынымен болды. Және сол қалашықтың қарсы алдына бір қалашық салдырды. Оны Рамеш деп атады (Рамеш оның көңіл қоштығына аталды). Қазіргі уақытқа дейін жайнап тұр. Рамеш қалашығында “Атәш хана” (отхана) салды.

Кейхұсрау екі жылдан кейін Апрасияпты тұтқындап, өлтірді. Апрасияптың қабірі Бұқара қаласының Мабел қақпасында жатыр. Қожа Имам Әбу Иефс Кәбирдың (Алла оны жарылғай) төбешігінің жанында үлкен төбеде тұр.

Бұқара тұрғындары Сияуыштың өліміне ғажап жоқтаулар айтқан. Әншілер оны “Сияуыш әуені” деп атаған. Мұхаммед ибн Жәфәр “бұл уақыттан үш мың жыл өткен, дейді, анығын Алла біледі” (Әбубәкір Мұхаммед ибн Жәфәр Нәрсәхи (899—959 ж.), “Бұқара тарихы”, араб тілінен парсы тіліне аударған— Әбу Нәсір Ахмед ибн Мұхаммед ибн Нәсір-әл Қәбави (1128—1129 ж.). “Тус” баспасы, Тегран, 1363, Хижра, 23—24-беттер).

Ахмет ибн Мұхаммед ибн Нәсірдің сөзінше, Әбу-л-Хасан Нишабури “Хәзайен Әл-Олумда” көрсеткендей, Бұқара сарай қамалының салынуы Сияуыш ибн Кейқауыстың әкесінен безіп қашқанымен байланысты. Сияуыш Амудария (Жейһун) өтіп, Апрасияпқа барды. Апрасияп оны құрметтеп, оған өз қызын ұзатты. Кейбіреулердің айтуына қарағанда, барлық мүлкін оған тарту етті. Сияуыш өзінен естелік қалғанын қалап, сондықтан осы өлкеде Бұқара қамалын салдырды. Көп уақытын сонда өткізетін. Онымен Апрасияп

дей келе, Апрасияптың Алып Ер Тоңа екенін айтады. Ал Дулат Мұхаммед Хайдар “Тарих-и Рашиди” еңбегінде Апрасияп есімін 182а, 190а, 235б-беттерде атайды: “Қашқар — көне әрі байырғы мәшһүр қалалардың бірі. Ежелгі заманнан бері Қашқар сұлтандары Апрасияп — түрік ұрпағынан [шығатын] еді. Осы Апрасияпты моғолдар Бұға хан деп атайды. Оның тегі: Апрасияп ибн Пиш ибн Дад Нишин ибн Тура ибн Афридун. Бұл “Тарих-и-гузида” кітабында айтылған. Аталған мәлімет Қожа Рашидаддин Фазлаллахтың “Мажма ат-тауарих” кітабынан алынған. Кейбір тарихи еңбектерде бұдан да қобірек мәлімет берілген <Алла жақсы біледі>.

Қашқардың сұлтанзадаларының ішінен Сатук Бұғра хан жастайынан ислам дінін қабылдады. Кейін патша болған соң, Қашқар уәлаятының бәрі ислам дініне кірді. Одан кейін бірнеше ұрпағы Қашқардың патшалық тағына отырды. Тіпті Мауараннаһрды оның ұрпақтары биледі. Шыңғыс хан жаулап алмастан бұрын, найман Тайанг ханның ұлы Кучлук [Қашқарда] хан болған. Ол Шыңғыс ханнан қашып, Қашқарды гурханнан — қарақытайдың итаршысынан қайтарып алды. Ал гурханнан — қарақытайдан бұдан бұрын [Қашқарды] Апрасияп руының итаршылары қайтарып алған болатын. Сол заманда осы рудан [шыққан] Сұлтан Осман Самарқан және Мауараннаһрдың көп бөлігіне патшалық етті. Оның Хорезмшахпен арасында болған оқиғалар барлық тарихи кітаптарда баяндалып жазылған. Кучлуктің бүлігі және моғолдардың Қашқарда билік құруын мен тұтастай “Тарих-и жаһангушайдан” келтірдім.

“Қашқар мазарларына қатысты айтқанда, олардың ең біріншісі Сатук Бұғра хандыкі, ол Апрасияп әулетінен шыққан, Жүсіп Қадыр ханның және Сұлтан Илак Мазидың атасы саналады. Ол түркілердің ішінен ең алғаш мұсылман болған кісі” (328-бет).

Моғолстандағы бірсыпыра қалалардың аттары беделді кітаптарда жазылған және ол қалалар турасында көптеген түсініктер берген. Соның бірі — “Баласағұн”. “Суваре-и ақалимда” (“Әлем климаттарының жай-жапсары”) Қытай қалаларынан Ханбалық айтылады. Басқа қала аталмаған. Беделді кітаптар мен тарихи шығармаларда Баласағұнды Апрасияптың салған қалаларының бірі деп айтады. Оны өте жоғары мақтаған. “Мажма ат-тауарихта” (“Тарих жинағы”) былай деп айтылған: “Баласағұн қарақытай заманына дейін Апрасияптың [“ұрпақтарының”] билігінде болған. Қарақытай гурхан Баласағұнды Илек ханнан тартып алды, ол Апрасияп нәсілінен еді. Содан оны өзінің астанасы етті. Тоқсан бес жыл бойы Баласағұн қарақытайдың астанасы болып келді. Жейһуннан бергі, оның шығысында жатқан барлық (ел) өлкелер түгелдей оған салық (хараж) төлеп тұрды. Моғолдар Баласағұнды Қаралық деп атаған. “Сураһ-әл луғат” (“Тілдің айқындығы”) кітабының авторы, “Молһәқат-и сураһ” (“Тілдің айқындығына толықтыру”) атты еңбегінде былай деп жазды: “Менің әкем Баласағұнның хафиздеріне жататын. Ол өзінің “Толықтыруында” әр қаланың ғалымдарының есімін атаған. Самарқан қаласынан оннан аз ғалымды атайды. Бірақ Баласағұннан шыққан соншама көп ұлылар мен ғалымдарды санап, олардың кейбіреулері туралы әңгіме де келтіреді, осы ғалымдардың барлығы бір қалада, бір заманда

Тұрмағамбет “Шаһнаманы” толық аудармаған. Оны “Рүстем — Дастан” мен “Шаһнаманың” мазмұнына көз жүгіртсек байқаймыз. Дегенмен, шығарманың негіздерін сақтаған. Мәселен, Жәмшид патшаның ұшан-теңіз игіліктерін баяндай келе, соншама Төкаппарлыққа кіріптар болып, өзін Құдайға балап, елдің келешегіне кесірін тигізгенін суреттеген. Әрі оның орнын басқан Заһакты Мұрдастың ұлы араб тегінен екенін жырына қоспаған және Заһактың бастапқы бес жүз жылдық ғұмырын жақсы тұлға ретінде бейнелеген. Ал Фирдауси “Шаһнамасында” Заһак тумасына жауыз адам болып суреттеледі. Осындай өзгешіліктерге қарай, Мұхтар Әуезовтің: “Қазақтың кейбір ақындары “Мың бір түн” ертегілерінен алып жыр-дастан жазатын. Мына тұста да Тұрмағамбет тәжірибесінен біз сондай еңбек мысалын көреміз. Сонымен, Рүстемнің жайы туысқан тәжік әдебиетінің ұлы классигі Фирдаусидің “Шаһнамасында” болғанмен, мынау еңбекті Фирдаусидің “Шаһнамасынан” тікелей жасалған аударма демейміз, сол Фирдауси үлгісімен халық ақыны Тұрмағамбеттің өзі өлең етіп жазған Рүстем жөніндегі дастанның қазақша варианты дейміз”, — деген тұжырымдамасын назардан тыс қалдырмауымыз жөн.

Ендігі бір жайт “Шаһнамадағы” адам есімдері “Рүстем — Дастанда” өзгешелеу айтылғаны. Мәселен, “Шаһнамадағы” “Франәк” — қазақшада “Пәрәмәк” не Заһак — Зүһак, Таһмина — Тәһине, Пәрәмәріз — Піраміріз, Афрасияб — Афрасиаб — Апрасияп — Апрасиап (төрт түрлі) және Фридун — Придун т.с.с. болып келген. Қазақша түпнұсқада қалай жазылса, Мардан Байділдаевтың көшірме қолжазбасындағыдан ауытқымай, сол қалпында берген, бәлкім, жөн шығар. Әрине, араб және парсы атаулар біздің тілге енгенде ешқандай ережеге бағынбай келе жатқанын айтуымыз керек. Және бұл жөнінде мемлекеттік терминком бір шешімге келгені жөн болар демекпіз. Әйтпесе, Мұхаммед — (Махамбет, Мәмбет, Мәмәд) сөзінің түрлі айтылуы және жазылуы басқа да сөздер жөнінде көрініс табары анық. Қазірге дейін Алла не Аллаһ деп жазып, айтып, бір тоқтамаға келе алмай отырмыз. Бұл жалпыға бірдей түйін ортақ келісімді қажет етеді.

Иран, Тұран елдері бірде жауласып, бірде достасып жатса да, көрші болғандықтан, тағдыр маңдайларына ажырап кетуді жазбаған. Сондықтан Фирдаусиде Рүстем — Тәһмине (Тұрмағамбет нұсқасында — Таһине), Франгис пен Сияуыш, Сияуыш пен Жәрире, Ирәж бен Тұрдың тағдырларын бір-біріне ұштастырып, Иран — Тұран елдерінің қуанышы мен өкінішін бөлістірген. Екі елдің ынтымақ пен бақ-берекесі көп болсын!


Ислам ЖЕМЕНЕЙ,
шығыстанушы-ғалым.



سر زده شاه پر و سپید
 سید لشکر و کاروان
 که گشود بر باد طغرل
 سسی گشود او در

بود با پوشیدار ک
 چنان تر و شد روی ک
 تو که گشود نور شیدار

در شتابان و ساسان
 در شتابان و ساسان



حزب شیدان و ساسان
 با کفر می رسد
 لشکر که یلوان و پهل
 کشید و یمن و پهل

Бұйырды: «Парсы бар», – деп енді Хамды,
Оған да ертіп берді біраз жанды.
Жіберіп ең кенжесін күн шығысқа,
Елдерді ыдыратты осы маңғы.

Таратып болғаннан соң бәрін мұндай,
Өзі де Сам қолына келді, тұрмай.
Меккенің манайынан мекен тұтып,
Отырды үгіт айтып неше жылдай.

Сегіз ұл қатарынан туды Самнан,
Он бала Парсы барған болды Хамнан.
Япысқа дұға кетіп, ықпал дарып,
Токтады туған ұлы он төрт саннан.

Болады сегіз ата Самнан араб,
Келеді Парыс, Хабаш Хамнан тарап.
Тұранның он төрт арыс Япысы екен,
Атасын нұсқалардан көрсек қарап.

Япыстың балалары бірдей өсті,
Бәрі де бағып-күтті ерте-кешті.
Шын деген сонда дағы бір баласы
Білімді, бәрінен де болды есті.

Сол үшін қолында оның Япыс қалды,
Он үші еншілесіп, бата алды.
Төрт жүз жыл бұрын барлық қалалардан,
Шынында, Шын шаһарын сол Шын салды.

Шаһарын Асфаһанның салды Парыс,
Еспсіз дүние-малды етіп қарыш.
Жерінен Арабстан Кінған тұрды,
Арасы үшеуінің емес алыс.

Хамның да балалары көбейді өсіп,
Әр жерге, көбейген соң, кетті көшіп.
Кент* түзел, қатар-қатар қышлақ* салып,
Отырды рақаттанып, белді шешіп.

Ол кезде болды олар тоқсан мың үй,
Жана да жақсы болды жағдай мен күй.
Көбейіп күй мен дәулет, күшейген соң,
Бір-бірін құрметтемей, толқыды ми.

Көрсетіп бір-біріне қайрат-күшті,
Ететін ұнамайтын болды істі.
Ол күнде патша менен жоқ еді әкім*,
Халықты қорқытатын, бұзып түсті.

Адамнан қалған бірақ бар ед жейде*,
Кім де кім ол жейдені кісе кейде,
Ел тегіс ізіне оның еруші еді,
Жүргенмен жүрегі ұшып қандай тейде*.

КИАМЫРСТЫҢ ПАТША БОЛҒАНЫ

Киамыр ол жейдені жүреді алып,
Құрметтеп, қалтасына орап салып.
Жуынып, ертеменен киді үстіне,
Халықтың қылуасына қатты налып.

Жейдені Киамыр киген кезде,
Нұрланып, болып кетті түрі өзге.
Сұс жана шошынатын болды пайда,
Жотасы жондай болып көрер көзге.

Жиналып сол сағатта ел-жұрт тегіс,
Өтінді кеш деп, болса бізден кеміс.

Бармасак біз артынан онын жоктап,
Балларды ала берер күнде топтап.
Ұрысып диюларды жене койсак,
Қорыққаннан қалайда да калар тоқтап.

Киамырс деді: — Балам, оған барма,
Шапқанмен, шамаң келмес, намыс, арға.
Диюлар әрі күшті, әрі бұзық,
Сияқты ки шұкитын құзғын қарға.

— Тәуекел, барайын,— деп берді өтіне,
Кеуілі өсіп, келмеген соң жан бетіне.
— Қайтейін, олай десең, бара ғой,— деп,
Кетті ойы Киамырстың тербетіле.

Отыз мың ізіне енді жігіт ертті,
Жау жүрек тындамайтын жанған өртті.
Диюлар қай орыннан кездесед деп,
Бәрі де келе жатыр болып дертті.

Ол күнде болмаған соң соғыс-ұрыс,
Жок еді сауыт, найза, садақ, қылыш.
Қолға алған қарулары қада, бақан,
Олар да қыныр, қисық, емес дұрыс.

Құралдан бір даңғыра* бар ед бірақ,
Істеген ағаш пенен көннен құрап.
Дауысы күндік жерге жететұғын,
Жанғырып кететұғын ұрса құлақ.

Бұлардан диюлар да хабар тауып,
Бәрі де бұғып қалды, қылып қауіп.
Аңқияп ауыздары, аң-таң болды,
«Кетті,— деп,— қонысынан қай жаққа ауып».

Үстіне бір төбенің Симак тұрды,
Тұрғаннан даңғыраны қағып ұрды.
Диюлар тұс-тұсынан тұра қашты,
Дауысты есіткен соң осы түрлі.

Қалтырап, қалмай зәре, қорықты жаман,
Қол қойып, қыра берді қашқан заман.
Қызығып, Симак ұзақ қуалады,
Бұлардың қоймайын деп бәрін де аман.

Өте ұзап әскерінен кетті қашық,
Диюлар қалады, ұрса, аузын ашып.
Бастығы ашуланып, ұшып келді,
Жүргенде сол қызықпен көңлі тасып.

Көтеріп алды дағы, аспанға ұшты,
Болған соң, ауырламай, өте күшті.
Әкеліп Киамырстың төбесінен
Тастап ед «баланды ал» деп, жерге түсті.

Күл-күл боп сүйектері, қалды өліп,
Киамырс кетті ақылдан, оны көріп.
Болғанын мұндайынша білгеннен соң,
Әскердің азалады бәрі келіп.

Солайша көз жұмылып, көшті Симак,
Сүйегін жайлады жұрт жақсы сыйлап.
Үш жасар орынында бала қалып,
Татаусыз тал жібектей өсті ширап.

Хушнақ баласының еді аты,
Болды артық Симактан да парасаты.
Күн-түні бабасының қойнында өсіп,
Жиырмаға жетті қайтпай жаннан пәті.

Бір күні Киамырсқа деді:— Ей, ата,
Бер маған ықыласыңмен енді бата.

Өлген соң осылайша Киамырс,
Көшкендей бастарынан бақ пен ырыс.
Күніреніп күйінісіп күні-түні,
Кенесті ел, болады деп қайтсек дұрыс.

ХУШНАКТЫҢ ПАТША БОЛҒАНЫ

Орнына Хушнакты патша қойды,
Болған соң әрі батыр, әрі ойлы.
Бір күні тақтан түсіп тауға барды,
Қыдырып келейін деп жазып бойды.

Бір мақұлық көрді ұзын ирендеген,
Аузынан тілі шығып сүйрендеген.
Бұл не деп болып аң-таң тұра қалды,
Болған соң жылан көріп, үйренбеген.

Қашпады, аузын ашып, қарсы жүрді,
Таспенен тайынсынбай жатты да ұрды.
Біріне бірі барып тигеннен соң,
Жалтылдап тастардан от шығып тұрды.

Жаншылып, жарылып бас, жылан өлді,
Ойына от шыққанын түйіп келді.
Көрдім деп осылайша уақиғаны,
Хушнак ойласуға жинады елді.

Қысқасы, от шығарып алып тастан,
Отынды қурап тұрған оған басқан.
Жанған соң және үстіне отын салып
Бәрі де күліп-ойнап көнілін ашқан.

Білмеуші ед онан бұрын олар отты,
Жеуші еді жеміс пенен шикі етті.
Артықша асқа татым кіргізген соң,
От данқы жер жүзіне тарап кетті.

Халқына тигізген соң сондай пайда,
Болғанның бәрі келді қайбір жайда.
Ел өте көбейген соң тағы ойлады
Деп: «Бұлар ететұғын кәсіп қайда?»

Ой таппай ойлағанмен жазы-қысы,
Іздетіп тауып алып бір қарт кісі,
Құрметтеп қол қусырып сұрады ақыл:
«Өткеннің қалай ед,— деп,— етер ісі?»

«Ектір,— деді,— арпа, бидай, қарбыз, қауын,
Болады әрі тамақ, әрі сауын.
Саға алып бұлақтардан арық қаздыр,
Болмаса бу, буалдыр, жаңбыр, жауын».

Бұл бабай дикан еді әрі ұста,
Темірден көрсететін көпке нұсқа.
«Тас тасып таудан маған беріңдер»,— деп,
Жіберді жігіттерді әрбір тұсқа.

Бәрі де мінекей деп үйді тасты,
Тастарды өртеп бабай дүкен ашты.
Үйітіп темір қылып соғып сайман,
Өртүрлі үлгі-өнеге, өнер шашты.

Бәрі де бел кетпенмен егіп егін,
Тойынды ас пен суды ішіп тегін.
Үйреніп жылдан-жылға дикандықты,
Енді олар жер жөніне болды жегін.

Бабайға бір қатары шәкірт тұрды,
Белсеніп болуға ұста балға ұрды.

Кідірмей көргеннен соң қайтып келді,
 Қалдырмай маңындағы жинады елді.
 – Қанатты ат мұндайынша бола ма екен,
 Баяндап білгендерің бер, – деді, – енді.
 – Ол тақсыр су тұлпары, – десті, – анық,
 Бұлақтан тұрған жусап, ішіп қанып.
 Алар деп амалменен тұрсақ ұстап,
 Қорыққаннан көкке ұшқан көре салып.
 Ол өзі байтал болар, айғыр болмас,
 Онымен ұшқан құс та болмас жолдас.
 Қонысы теңіздердің түбі болад,
 Үстіне тозаң тиіп, шыбын қонбас.
 Он айда жылқы малдай тумас жиі,
 Келеді отыз жылда бірақ күйі.
 Артылар айғыр таппай су ішінен,
 Теңізден сыртқа шығар толқып миы.
 Диюмен шағылысып суға батар,
 Қоныстап теңіз түбін тағы жатар.
 Туатын мезгілінде сыртқа шығып,
 Осындай ұшып көкке таңырқатар.
 Егерде туа қойса еркек бала,
 Қап-қара болар түрі, болмас ала.
 Бір күнде айлық жерге алып барар,
 Ұстатып алсаң оны, тауып шара.
 Есітіп затына оның зейілі жетті,
 Мінуге ат орнына көңлі кетті.
 «Қолға ол қалайынша түседі», – деп,
 Кең ойлы кісілермен кеңес етті.
 Ойласып олар бұғау барды алып,
 Мойнына ұстайық деп оның салып.
 Даңғыра жана дағы алып жүрді
 Кететін ұрса даусы құлақ жарып.
 Бұлақта бұғауды алып жатты бұғып,
 Көрсетпей кеуделерін бүкке тығып.
 Сәскеде шөлдеп о да жетіп келді,
 Кекілін салбыратып, жүнін жығып.
 Қойғаннан басын суға бұғауды атты,
 Тұс-тұстан торлар тастап тартып шатты.
 Тыпырлап тулағаннан құлағына,
 Апарып даңғыраны ұрды қатты.
 Құлағы жаңғырыққан соң есін танды,
 Ұмытып тулауды да, тұрып қалды.
 Дегендей көптен қоян құтылмайды,
 Оп-оңай оны ол жерде ұстап алды.
 Таһмұрыс алып барып бағып, баптап,
 Бердіріп беде мен жем қанар қаптап,
 Үстіне бас үйретіп мініп алды,
 Салдырып тіллөдан ер тартып шаптап.
 Айтқандай айлық жерді алты-ақ басты,
 Ан біткен құтыла алмай жалтақтасты.
 Шаңына, маңы түгіл, ілесе алмай,
 Бұттарын не санлақтар салтақтасты.
 Неше рет ол тұлпарға айғыр шапты,
 Наз бедеу бәрінен де құлын тапты.
 Ертеде өтіп кеткен атақты ердің
 Ат етіп әрқайсысы мініп бақты.
 Таһмұрыс он бір рет етіп ұрыс,
 Ойнатты диюларға найза, қылыш.

Күн түгіл ойлап Жәмшит жұрттың қамын,
Түнде де сөндірмейтін еді шамын.
Сарғайып соныңменен кетті түсі,
Тартқандай таршылықтың қайғы дағын.

Көнеден іздепті адам кеңесерге,
Айтқанын бір-бірінің «е» десерге.
«Өзіме өз ақылым болады»,— деп,
Елеру тіпті лайық емес ерге.

Жастары мыңға жеткен екі шалды
Іздетіп ертелі-кеш, тауып алды.
Нұхтың екеуі де жолдасы екен
Ұстаған кеме ішінде ескекті алды.

Аттары Бәһрам мен еді Күрән,
Сияқты ақылға бай алғыр қыран.
Ерте-кеш екеуін де етіп құрмет,
Демеуші ед қолтығынан десе тұрам.

Өтінді: «Айтындар,— деп,— маған ақыл,
Боламын қалай болса халыққа мақұл.
Үйретіп өз қасымда отырындар,
Көнеден қалған болса нендей ақыл».

Қойнынан бір қалта алып Бәһрам шал,
Деп айтты: «Менен сыйлау, мынаны ал.
Қалтаның қайдан келе жатқандығын
Айтайын, анық тындап құлағың сал.

Нұхпенен неше заман өмір шектім,
Арасын көрдім кезіп жер мен көктін.
Ол ердің айтуымен жүзім, коза,
Тары, арпа, бидай, қауын, қарбыз ектім.

Нұх айтты: «Мен өлермін, сен қаларсың,
Жан-жаққа түз-дәм айдап қаңғаларсың.
Уақытында Жәмшит деген падишаға
Арнайы шақыртылып бір барарсың,—

Деп еді,— Ол өзіннен ақыл сұрар,
Күрәнмен екеуіннің басың құрар,
Үйреніп үлгі, өнеге, өнер-білім,
Өлгенше тәрбиелеп бағып тұрар.

Бер деп ед қалтамды осы сәлем айтып,
Бағам деп ойға қалса халықты қайтіп,
Еккізсең ішіндегі тұқымдарды,
Тамаққа аш, арықты тастар байытып.

Тұқым бар бұл қалтада неше түрдең,
Халқына болар ауқат осы жүрген.
Өткендер осыларды егіп-тегіп
Кендікте көрмей кемдік дәурен сүрген».

Бәһрамның есіткен соң осы сөзін:
— Ек,— деді,— олай болса, бабай, өзін.
Көгертіп көпке жеміс жегізіп көр,
Үйренген о басында екен көзің».

Бәһрам белді буып, білек түрді,
Халық үшін қара жерге қолды ұрды.
Тұқымның қалтадағы бәрін тігіп,
Жегізді жемісті елге неше түрлі.

Өртүрлі арық қазып, ағаш тікті,
Қалмастан қатарласа қаптай шықты.
Рақат Иран елі көріп қалды,
Күн түспес көленке мен тауып ықты.

Көбейіп көгерді өте мақта, коза,
Бірінен кетті қаулап біреуі оза.

Жіберіп Жәмшит адам әрбір тұсқа,
Қалдырмай жеті ықылымнан* жинап ұста,
Соктырды алтыннан тақ айтып болмас:
«Қалсын,— деп,— кейінгіге менен нұсқа».

Жеті аршын биіктігі болды жерден,
Зинетке зейіл жетпейді оған берген.
Әр бұрышы жеті аршыннан болды және,
Ақылдан адасушы ед оны көрген.

Тұрған соң жеті аршын жерден биік,
Алтыннан жеті міндер* қойды құйып,
Орнатты жетеуіне жеті қоңырау,
Тотыдай мойындарын тұрған иіп.

Шаһ Жәмшит міндерлерді шықса басып,
Таратып қанаттарын, аузын ашып,
Қоңыраудың жетісі де қағылушы ед,
Сылдырап біреуінен біреуі асып.

Кетуші ед есіткеннің бойлары еріп,
Тұрушы ед тындап даусын болып жерік.
Ондай тақ ол уақытта бар екен деп,
Асылында айтпаған ед ешкім келіп.

Жиырма төрт аяқтары еді анық,
Бәрі алтын қызыл шоктай тұрған жанып.
Іреусіз жиырма бір қап болып шықты,
Алтынын қарағанда есепке алып.

Алтыннан бұл болған соң өткен жұмыс,
Аз болар аңлағанда қалай күміс.
Болған соң мұндайынша мінген тақты,
Шамалар саясатын киын біліс.

Бітіртіп мініп Жәмшит осы тақты,
Кеші күн көрмей ұйқы халықты бақты.
Болған соң білімге бай, барлығын да
Нәрсенің көпке керек ойлап тапты.

Үлгі алып жаңа Айдан етті қылыш,
Өтетін ұрса тартып болды дұрыс.
Соктырды сауыт-сайман, найзаларды,
Керекті бола қойса соғыс-ұрыс.

Ойменен ойлап тапты қалқанды да,
Шынжырмен бұғау — ұзын арқанды да.
Қаздырып халыққа арық, ағызып су,
Ектірді бидай, тары, арпанды да.

Бірынғай қоймайын деп етіп елді,
Былайша бір күндері төртке бөлді.
Бастапқы бөлгендерін әскер етті:
«Халықты қорғандар,— деп,— жаудан енді».

Бөлгенің диқан етті онан соңғы,
Ат-өгіз жер айдайтын беріп онды.
Әртүрлі олар дағы егіп тұқым,
Тоғайтып етіп тұрды халықты қонды.

Оқыған үшіншісі еді ғалым,
Аңғартып тұратұғын жағдай — палын.
Жолбасшы жұрт біткенге болындар деп,
Олардан аямады дүние малын.

Еттіріп төртіншіге өнер кәсіп,
«Тапжылмай тұрындар,— деп,— дүкен ашып»,—
Отырды өзі үстінде алтын тақтың,
Күндей-ақ күллі ғаламға нұрын шашып.

Мың кісі түбегі* боп бағып қосын,
Жәмшиттің жібермеді жауға өшін.

Өңдетіп дереу оған бір ағашты,
Имитіп алды дағы екі басты,
Өгіздің терісінен тартып кіріс,
Кепсін деп күнге қарсы даракқа асты.

Болған соң ағаш кеуіп көні катып,
Оқ жасап, өз қолымен көрді атып.
Түп-тура тартқан кезде кідірместен,
Көздеген нәрсесіне кетті батып.

Шат болып Шаһ Жәмшит күліп сақ-сақ,
Еттіріп ұсталарға оны шап-шақ,
Ілдірді өз тұсына ұрыс болса,
«Етем,— деп,— қырып-жойып жауды ап-сап».

Қойдырып атын садақ қару етті,
Үйрене келе оғы тастан өтті.
Сол болып сол кездегі құрал алды,
Әр тұсқа ауазасы тарап кетті.

Бір күні көп адаммен ауға шықты,
Аттарға аң құтқармас мініп мықты.
Нандарын бірқатары пісірте алмай,
Илетіп ала сала қапқа тықты.

Беліне аттарының салып алды,
Шабыртпен шапқыласып кетіп қалды.
Түстеніп айдалада отырғанда
Жаншылған қамырларға назар салды.

Қамырлар қалған екен болып ердей,
Биіктеп итінген соң алды өрдей.
Ақылмен алып Жәмшит онан үлгі,
Жасатты ер ағаштардан көрмей, білмей.

Ойымен үзенгіні тағы тапты,
Ер істеп, аттарына салып шапты.
Жайылып сонан кейін ер мен тоқым,
Тартпады тақымдары зақым дақты.

Басымен келе жатып аттың алысып,
Бір суды батпағы бар кешті шалшық.
Батпаққа белуардан батып кетіп,
Қоржынды шықты зорға Жәмшит малшып.

Ішіне қоржынның су өтіп кетті,
Толайым етті ылғал салған етті.
Суларын сарқып еттің алайын деп,
Батпақтан түсті тауып құрғақ шетті.

Қоржынның суын төгіп етті алды,
Аузына бір жапырақ үзіп салды.
Шайнап ед, шырын татып бара жатыр,
Тамсанып Шаһ Жәмшит аң-таң қалды.

Атына міне сала тұра шапты,
Күрәнді кеткен ұзап іздеп тапты.
«Көрдім,— деп,— тәтті суды тап осындай»,—
Ақтарды алдына оның қоржын қапты.

«Түз екен,— деді Күрәң,— кешкен суын,
Екенсің тауып алған астың туын.
Мұнысыз шай мен етте маза болып,
Жегенмен кіргізбейді бойға буын.

Білді де тұзға Жәмшит қайтып келді,
Жатты да жар шақыртып жинады елді.
Алдыртып бәріне де көтергенше,
Жемейтін тұзсыз тамақ болды енді.

Бір күні Шаһ Жәмшит шығып жана,
Баябан бар ма деп аң кезді дала.

Көп кылып келесі жыл егіп жүзім,
Боп калды бәрінің де қолдары ұзын.
Тандайдан тұрғаннан соң дәмі кетпей,
Кәсібіміз болсын десті осы біздің.

Бір күні Жәмшит жатып көріп түсті,
Түсінде бір сұлуды сүйіп, құшты.
Оянса ұятты жері елеріп тұр,
Ләңгісін көтерумен етіп күшті.

Жоқ еді ол уақытта шалбар, ыстан,
Ләңгімен шығатын ед жаз бен қыстан.
«Өзімнен енім есті екен-ау»,— деп,
Өзіне өзі күліп, көзін қысқан.

Осыдан алып ғибрат шатыр тікті,
Қаданы ортасына қадап мықты.
Болғанмен басы күлкі барлық елге,
Жайылып шатыр, шайла жүзге шықты.

Ақылмен төрт жүз нәрсе тапты ойлап,
Гүжімдей* көлеңкелі өсті бойлап.
Бәһрамға бақтан жүзім келтір деді,
Бір күні отырғанда күліп ойнап.

Көтеріп көп жүзімді келді алып,
«Жендер»,— деп дастарқанға қойды салып.
Қалғанын тойғанынан бір қатары
Кептіріп көп күн жеді алып қалып.

Ортаға үйдей етіп үйіп қойды,
Келгеннің бәрінің де қарны тойды.
Көзеге шірігенін сала берді,
Бәһрам ойламастан өзге ойды.

Екі ай көзе толып тұрды ашып,
Көбігі тарқап кетті қайнап тасып.
Болар деп мұның дағы керек орны,
Қақпағын қойып еді Жәмшит басып.

Бір күні Жәмшит көрсе жалап татып,
Жіберді тұла бойын шымырлатып.
Адамды өлтіретін у екен деп,
Түкірініп тұрды біраз басы қатып.

Көзенің сол сағатта аузын жауып,
«Қыл,— деді Кіжіранға,— мұнан қауіп.
Анық у ішіндегі ішкен өлед,
Құлайды иіскегеннің есі ауып.

Келтіре көрме,— деді,— бұған жанды,
Онын да у шығар деп көңлі нанды.
Басының сақинасы бір күн ұстап,
Дөнбекшіп отыра алмай есінен танды.

Сыркаты сақинаның үш күн тұтты,
Қыздырып бас пен аяқ-қолды, бұтты.
Мұнан да уды ішіп өлейін деп,
Бір кесе осы жүзімнен алып жұтты.

Қызарып қызу теуіп екі беті,
Сап болып сақинаның басылды оты.
Ән салып көтеріліп, өлең айтып,
Кіжіранның көңілінің келді қоты*.

Есітіп Жәмшит оны кіріп келді,
Кіргеннен Кіжіран күліп тұрды да енді:
«Екеуіміз осы орында болайық»,— деп,
Қапсыра құшақтады қысып белді.

Жібермей жұлқынғанмен қысып тұрды,
Әнменен айтып өлең неше түрлі.

«Мен Күрән болам,— деді бірі тұрып,—
Өзіңмен ой табамын бірге жүріп».

«Болсын,— деп,— уағда осы», алысып кол,
Арқаға бірін-бірі койды ұрып.

Есіріп баратқан соң айқай салып,
Шаһ Жәмшит аузын ашып аң-таң қалып,
«Бұларды күнге апарып байла,— деді,—
Кідірмей кетіндер де дереу алып».

Жалладтар* жағасынан шықты сүйреп,
Бойларын жүре алмай жүр олар билеп.
Жатқызды қалың киім киіндіріп,
Басқылап барлық халық камырша илеп.

Әлсіреп екеуі де ұйқтап қалды,
Терлесіп ұйқылары әбден қанды.
Бір кезде есін жиып түре келіп,
Ұялып сөздеріне, ұрды санды.

Өлімнен екеуін де азат етті,
Қуанып құлдық десіп олар кетті.
Жүзімде бір ікматтың* барлығына,
Зейілі Шаһ Жәмшиттің анық жетті.

Сүздіріп көздегі жүзімдерді,
Мазасын өзі дағы татып көрді.
Қадірлі қалайда да нәрсе екен деп,
Жар, досқа жақындағы сақтап берді.

Жиналып жеті сайын енді ішті,
Мазасы майдандағы болды күшті.
Ақылды артық ішсе ауыстырып,
Қалайда қайрататын еді тісті.

Шаһ Жәмшит оның атын койды шарап,
Ішкеннің ауысқан соң ақылы тарап.
Жаман су жан қозғайтын деген болад,
Мағынасын нұсқалардан көрсен қарап.

Бір аты онан кейін болып арақ,
Сияқты болып кетті биік дарақ.
Ас болды ақырында абықтырар
Ат мініп, асынғандай қару-жарақ.

Ақылды еді Жәмшит, әрі әділ,
Әділдің Алла айтқанын етер қабыл.
Көтер деп өлімінді елатымнан*,
Мінәжат етті күн-түн алмай дамыл.

Жан өлмей алты жүз жыл өнді, өсті,
Өткізді ел өз еркімен ерте-кешті.
Жәмшитті ешбіреуі қадір тұтпай,
Қарамай қайқайтатын болды төсті.

Кетер деп көргенсіз боп мұнан да елім,
Сұрады Шаһ Жәмшит тағы да өлім.
Әр жерден адам өліп, Алланы ойлап,
Халық енді қымтанқырап буды белін.

Жәмшиттің етпеді екі енді сөзін,
Бас иіп бәрі тұрды біл деп өзін.
Олардың үй ішіндей ойлап қамын,
Салушы ед шын көңілмен шапқат* көзін.

Болмады өгірік пен ұрлық, зорлық,
Кімнен кім болмаса олар көрсін қорлық.
Жәмшиттей жер жүзінде жан болмады,
Ел үшін ерінбестен еткен ерлік.

Салдырды Асфәһанды жеті жола*,
Кенітіп кейіндегі көпке бола.

Болғанмен жер жүзінде қанша адам,
Көрініп тұратын ед бәрі тәмам.
Біреуі ол адамның өсек сөйлеп,
Жәмшитке бір ауыз сөз айтса жаман.
Үстінен Шаһ Жәмшит шертсе көріп,
Қаптаушы ед тұла бойын ауру өріп.
Тырысып өз-өзінен, ойбай салып,
Қалушы ед қапияда қатып өліп.
Сондықтан айта алмады ешкім өсек,
«Жәмшитті өлеміз,— деп,— өсектесек».
Жазы-қыс жаулары да жүрді мақтап,
Жалбақтап жан аяспас жар досы есеп.
Жам атын қойып Жәмшит «Жаһаннама»,
Көркейді көңлі Күндей шыққан жана.
Алтыннан ұкамалар ікматпенен
Бітіріп бір қоразды берді жана.
Қондырып қақпа үстіне қадап қойды,
Жау келсе Асфаһанға арам ойлы,
Қанатын қағып дереу хабар айта,
Айқайлап ұзарушы ед оның мойны.
Үшінші ікматпен етті кесе,
Жәмшиттің болса оңында адам неше.
Шарабы ішіндегі сарқылмаушы ед,
Ішкенмен ерегісіп екі-үш есе.
Адамдар іше қойса солындағы,
Аз-ақ боп отырғанмен оңындағы,
Жеткен соң жартысына сарқылушы ед,
Жандарға жұғын қалмай соңындағы.
Ол өзі үлкен емес шақтас еді,
Ішкеннің бір қолын да қақпас еді.
Оңға көп, солға аз ғана болатұғын,
Шараптың сырын ешкім тапас еді.
Төртінші сом алтыннан соқты пышак,
Орташа, ірі емес, яки ұсак.
Сабы мен сақинасы дүр мен гауһар,
Тұратын ту недейден Күнге ұсап.
Сабында ине көзі бар ед тесік,
Жел заулап тұратұғын онан есіп.
Алдына оны Жәмшит қадап қойса,
Анығын беруші еді істің шешіп.
Айтысып келе қойса екі кісі,
Бірінде біреуінің болып ісі,
Айтқаны егер оның рас болса,
Пышактың кетуші еді жайнап түсі.
Егерде бола қойса сөзі жалған
Уақытта өтірікті аузына алған,
Қарайып өз-өзінен осы пышак,
Темірдей көрінуші ед тот боп қалған.
Айтпа деп өтірікті сөгуші еді,
Абыройын көп алдында төгуші еді.
Айттым деп неге өтірік өзі де оның,
Өкініп қайғы-қасірет шегуші еді.
Пышактың есіткен соң осы ісін,
Ел біткен өтіріктен тартты ішін.
Жок болып жалған сөйлеп жанжалдасу,
Татаусыз жұрттың бәрі болды мүсін.